

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Қашыр аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 18 мамырдағы N 145/4 қаулысы. Павлодар облысы Қашыр ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 27 мамырда N 12-8-72 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 3 маусымдағы N 168/4 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 2010.06.03 N 168/4 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағы 13, 14 тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабы, 5-4) тармақшасына, 18-1 бабына сәйкес, тұрғындардың нысаналы топтарына кіретін тұлғаларды әлеуметтік қорғау мақсатында аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі Нұсқаулық бекітілсін.

2. "Качир ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі аудандық бюджетте 2009 жылға бекітілген қаражат шегінде әлеуметтік жұмыс орындарын уақытында қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қ. Мардановаға жүктелсін.

Аудан әкімі

Б. Бақауов

К а ч и р

а у д а н ы

ә қ і м д і г і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1 8

м а м ы р д а ғ ы

N

1 4 5 / 4

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық аудан тұрғындарының нысаналы топтарындағы жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік жұмысқа орналастыру үшін, әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыруды нақтылайды, әлеуметтік жұмыс

орындарын құратын және ұсынатын кәсіпорындармен, ұйымдармен, шаруа қожалықтарымен (бұдан әрі жұмыс берушілер) негізгі жағдайлар мен есептер жү й е с і н р е т т е й д і .

2. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан жұмыссыз азаматтардың еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек туралы, зейнетақымен қамтамасыз ету және сақтандыру заңнамаларымен реттеледі.

2. Осы Нұсқаулықта қолданылатын негізгі ұғымдар

3. Әлеуметтік жұмыс орны – жұмыс берушінің жұмысқа қабылданған жұмысшылардың еңбегіне төлеуді аудан бюджетінің қаражаты есебінен жарым-жартылай өтеумен, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдармен келісім шарт негізінде тұрғындардың нысаналы топтарындағы жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс берушілермен құрылатын немесе ұсынылатын жұмыс орны.

4. Нысаналы топтар – Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңында жұмысқа орналасуда қиындық көретін және әлеуметтік қорғауды қажет ететін қосымша актілермен белгіленген тұлғалар тобы.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және оларды жұмысқа орналастыру тәртібі

5. Әлеуметтік жұмыс орындары аудан тұрғындарының нысаналы топтарындағы жұмыссыз азаматтар үшін "Қақпир ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі арасында арнайы жасалған келісім шарт бойынша алты ай мерзімге дейін ұйымдастырылады.

6. Кәсіпорындарды таңдауда әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмысшыларды бұдан әрі тұрақты жұмысқа орналастыруға кепілдік беретін кәсіпорындар мен ұйымдарға ерекше ілтипат білдіріледі.

7. Кәсіпорындар және ұйымдармен әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыссыз азаматтар жеке келісім шарт негізінде жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өкілетті органның есебінен алынады.

8. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмысшылардың еңбекақы мөлшері жұмыс берушімен Қазақстан Республикасының еңбек, зейнетақымен қамтамасыз ету, сақтандыру заңнамаларына сәйкес белгіленеді.

4. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көзі мен жағдайы

9. Әлеуметтік жұмыс орнын қаржыландыру көзі: аудан бюджеті және жұмыс берушілердің қаражаты.

10. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру аудандық бюджет қаражатынан есебінен "Жұмыспен қамту бағдарламасы" 002 бағдарламасының "Республикалық бюджеттен мақсатты ағымды трансферттер есебінен әлеуметтік жұмыс орындары және жастар практикасы бағдарламаларын кеңейту" 103 кіші

бағдарламасы бойынша іске асырылады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 2009.07.29 N 216/7 қаулысымен.

11. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өкілетті орган жұмыс берушілермен ҚР заңнамаларымен белгіленген ең аз еңбек ақыдан аспайтын, белгіленген еңбек ақының 50 % мөлшерінде жергілікті бюджеттің қаражатынан өтеледі.

12. Әлеуметтік жұмыс орнына қабылданған жұмысшылардың еңбек ақысы жарым – жартылай өтеумен жұмыс берушінің есеп шотына бюджеттік қаражатты аударумен жүргізіледі.

5. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыруды бақылау

13. Осы Нұсқаулықты сақталуына бақылау белгіленген заңнамалар тәртібімен мемлекеттік органдар жүзеге асырады.